

Е.Н. Нурғалиева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: e.nurgalieva47@gmail.com)*

Фармацевтердің еңбегін құқықтық реттеудің кейбір мәселелері

Аңдатпа. Мақалада еңбек құқығының арнайы субъектісі - фармацевтердің еңбектік құқықтық статусы туралы жазылған. Қазақстанда осы категориядағы қызметшілердің еңбегіне қатысты ғылыми жұмыстардың жоқтың қасы екендігін, олардың құқықтары мен міндеттеріне, қызметтік нұсқауларына, жалақыларына және ынталандыру төлемдеріне, әсіресе осылар туралы Қазақстан Республикасының «Халықтың денсаулығы және денсаулық жүйесі туралы» Кодексінде көп олқылықтар мен жетіспеушіліктер бар екендігін еске ұстай отырып, көңіл бөлінді. Фармацевтердің құқықтары мен міндеттерінің көпшілігі медицина қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерімен араласып кеткендігінен, олардың ерекшелігін бөліп алу қиынға соғады. Оған қоса, фармацевтердің жалақысы өте төмен болғандықтан, автор оны жұмыс берушінің актілерімен белгіленген ынталандыру төлемдерімен көтеруге болатынын негіздеген. Қазіргі таңда фармацевтикалық кәсіпорындарда, аптекаларда сыйақы және басқа да ынталандыру төлемдері туралы ережелердің қабылданбағанын, ұжымдық шарттарда фармацевтерге емес, басқа медициналық қызметкерлерге қатысты еңбек жағдайларын жасауға, жалақыларын көбейтуге баса назар аударуын есепке ала отырып, фармацевтердің еңбегін, өмірі мен денсаулығын сақтау үшін көптеген шаралар қабылдануы керектігі айтылған. Оған қоса, ақырғы кезде фармацевтердің еңбек ету көлемі ұлғайып келеді, өйткені олар пациенттерге тауарларды тек қана сатып қоймай, олардың адам ағзасына қалай әсер ететіндігі, дәрігерлердің рецептпен берген дәрілерінің сипатын, рецептурасыз босатылатын дәрілердің қажеттілігін айтады. Яғни, дәрілермен жұмыс жасаған кезде (кейде провизорларға дәрі жасауға көмектеседі), өз денсаулықтарына зиян келуін біле тұра, уланулары мүмкін.

Сондықтан, көп зерттеушілер олардың еңбегін зиянды, шиеленіс, ауыр жұмыстар қатарына жатқызады. Фармацевтердің еңбек құқығы мен міндеттерін құқықтық реттеуде кейбір баптарға қосымша толықтырулар берілді.

Түйін сөздер: фармацевтер, қызметтік нұсқаулар, құқықтары мен міндеттері, құқықтық қорғаудың қосымша шаралары.

DOI:<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2023-142-1-192-201>

Кіріспе

Денсаулық сақтау аясында қызметкерлер туралы ғылыми жұмыстарға, әсіресе олардың қызметін реттеуге арналған әдебиеттерге көз жүгіртсек, еңбек құқығында арнайы жазылған бірнеше ғана мақалалар бар, монографиялар жоқтың қасы. Ғылыми мақалалардың басымы ресей авторларымен жазылған. Атап айтсақ, Трофимова Е.О. - Фармацевтердің маман ретінде өзіндік жекешеленуінің мәселелеріне арналған; Внукова В.А. - Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің құқықтық статусы; Солонина А.В., Шахина С.Г. - Орта фармацевтика білімі бар мамандардың жұмыс орны мен атқарған лауазымы туралы мақалалары (2013-2015 жылдары жазылған). 2017 жылдан бастап, біршама жаңа мақалалар шыға бастады, оның ішінде: Балакирева К.В.- Медициналық және фармацевтикалық қоғамдардың қарым-қатынасы: шектеулер және жауапкершілік; Шевченко О.А.- Фармацевтика және басқа да фармацевтикалық қызмет саласындағы қызметшілердің еңбегін реттеу ерекшеліктері және т.б. бірнеше авторлардың мақалаларын айтуға болады. Қазақстандық авторларға келсек, олардың мақалалары жалпы фармацевтикаға: өндіріс, дәрілік заттар

мен медициналық бұйымдарды шығару, сату, басқа елдерге шығару, фармацевтикаға кадрлар даярлауға арналған. Ал, олардың еңбек саласындағы құқықтық статусы (жалпы және арнайы) ешқандай ғылыми жұмыста зерттелген жоқ. Сондықтан, бұл қызметшілердің еңбегінің зор екенін ескере отырып, бірнеше ойларды ортаға салуды жөн көрдік.

Зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында диалектикалық, сондай-ақ жалпы және арнайы ғылыми тәсілдерге сүйендік. Фармацевтердің еңбек саласындағы жалпы және арнайы құқығының ішкі сипатын әдеби қосымша мақалаларды, күшіндегі заңдарды сараптай келе, анықтадық. Жалпы ғылымдық тәсілдер (анализ, синтез, индукция мен дедукция) автордың қомақты пікірлерін негіздеуге арқау болып, жаңа нормативтік құқықтық актілердің мазмұнын ашуға ықпал жасады.

Талқылау

Фармацевт қызметкері-фармацевтикалық білімі бар және фармацевтикалық қызметті жүзеге асырушы заңды тұлға. Фармацевтерді еңбек құқығының арнайы субъектісіне

жатқызамыз, өйткені олардың қызметінің ерекшелігі мамандығының сипаттамасымен байланысты. Фармацевтер мен дәрілік айналымға қатысатын басқа да субъектілердің құқықтық статусының құрамы мыналардан тұрады:

- жасалған еңбек шартына негізделген жалпы статус, яғни еңбек заңдарында көрсетілген жалпы құқықтар мен міндеттер, жауапкершіліктер жинағы (бұлар басқа да еңбек нормалары бар нормативтік құқықтық актілерде болуы мүмкін);

- қызметіне не (немесе) мамандығына, білім деңгейіне, квалификациясына қарай, арнайы статус.

Олардың қызметтік нұсқаулары мынадан тұрады:

- денсаулық жүйесіндегі басқа қызметкерлерден дәрілік заттарға рецепт алу, пациенттердің ауру тарихын қарау және берерден бұрын дәрілерді тексеріп, керек мөлшері мен қабылдау әдісін көрсету;

- рецепт бойынша сұйық дәрілерді, жағатын майлар мен ұнтақтарды, таблеткаларды дайындау және қадағалау (айта кету керек, дәрілерді фармацевтер емес, жоғарғы білімі бар провизорлар даярлайды);

- дәрігерлерге, олардың айтқан дәрілері бойынша керекті ақпарат беру; тұтынушыларға дәрілік заттардың бір-бірімен қабысуы (не қабыспауы), және денсаулыққа әсері туралы ақпарат беру, түсіндіру;

- рецепттерді сақтау; есірткі заттарды босату бойынша жазу кітапшасын жүргізу; заңды және мамандығына сәйкес талаптарды әрбір препараттарға қою, олардың тиімділігі туралы пациенттерге ақпарат беру;

- рецептсіз берілетін дәрілік заттар туралы клиенттерге дұрыс түсініктеме беру; денсаулықты түзетуге арналған терапевтикалық құжаттардың мазмұнын жіктеп түсіндіру;

- дәрілердің этикеткаларының, сыртқы орамаларының бұзылмауын қадағалау;

- кейбір дәрілердің қай уақытта денсаулыққа зиянды болуын қадағалау, ақпарат дайындау және т.б.

Фармацевтикалық қызмет дегеніміз дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіру және (немесе) дайындау және (немесе) көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу бойынша денсаулық сақтау саласында жүзеге асырылатын, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алумен (иеленумен), сақтаумен, әкелумен, әкетумен тасымалдаумен, сапасын бақылаумен, ресімдеумен, бөлумен, пайдаланумен және жоюмен, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін, сапасы мен тиімділігін қамтамасыз етумен байланысты қызмет (Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы ҚР заңының 1-ші бабы, 1-ші тармағының 275-ші тармақшасы) [1]. Бұл айқындаманы негізге ала отырып қарасақ, фармацевтикалық қызметтің төрт түрі болады, олар: бірінші- дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіру; екінші- дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды дайындау; үшінші- дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды көтерме саудалау; төртінші- дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды бөлшек саудалау. Біздің ойымызша, егер фармацевтикалық қызметтің қысқаша түсінігін берсек, ол мынадай болуы керек: фармацевтикалық қызмет- дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды

өндіру, дайындау, көтерме және бөлшек түрде саудалау.

Фармацевтер мен провизорлар дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіруге ғана емес, дайындауға және саудалауға қатысады. Көрсетілген заттар мен бұйымдарды өндіру сериялық шығу үшін қажет және заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ал, дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдар дайындауды, уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен, осы көрсетілген заттар мен бұйымдарды дайындауға лицензиясы бар субъектілер жасайды.

Қазірге таңда Қазақстанда фармацевтикалық нарықта 88 отандық өндіруші жұмыс жасайды, оның ішінде 32 кәсіпорын дәрілік заттар жасап өндіреді. 2022 жылдың I-ші жарты жылдығында фармацевтика саласы 4,9%-ке өсті. Шығарылған өнім тек қана Қазақстанның қажеттігіне емес, басқа да елдерге жіберіледі: 40,6%-Ресей Федерациясына, 15% -Қырғыз Республикасына. Ақырғы жылдары біршама дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар Өзбекстанға да жіберіле бастады. Сонымен қатар, көрсетілген заттардың 385 түрі әлі де болса басқа мемлекеттерден жеткізіледі [2].

Ал, фармацевтер мен провизорларға келсек, олардың қызметі өте маңызды, өйткені дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қорын солар жасайды, дәрілік заттардың күшінде болуын қамтамасыз етеді, ең бастысы- пациенттерге, дәрігерлік рецептер бойынша, қабылдау әдістерін түсіндіріп, теріс әсеріне көңіл бөліп, тікелей көмек көрсетеді. Тәжірибесі мол фармацевтер провизорларға дәрілердің сұйық түрін жедел түрде жасап

шығаруға да көмектерін көрсетеді. Сондықтан, фармацевтерге тек қана дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатушы ретінде қарамай, оларды медициналық қызметкерлерден кем емес, керісінше көмекші, білікті мамандар деп санау қажет.

Нәтижелер

Жоғарыда атап өткендей, провизор мен фармацевттің білімдерінің деңгейі бөлек: провизордың білімі жоғарғы білім болса, фармацевттің білімі орта мамандандырылған білім. Провизор өз бетімен дәрілік заттарды жасай алады, медикаменттерді ғылыми тұрғыда зерттеуге қатысады, оларды тіркеуден өткізіп, дәрігерлерге түсініктеме береді. Ал фармацевт болса, оның қызметі аптеканың күнделікті тіршілігімен байланысты: келген тауарларды қабылдап, орындарына жайғастырады; дәрілік заттардың күшінде болу мерзімін тексеріп, оларды дұрыс сақтауды қадағалайды, аптека жоспарын орындау құжаттарын толтырады. Клиникалық және клиникалық емес дәрілік заттарды тексеруге фармацевт-клиницист қатысады.

Ақырғы кезде фармацевттің медициналық көмек берудегі рөлі өсіп келеді, өйткені дәрігер, пациент арасында фармацевтер тек қана дәрілік заттар туралы ақпарат беріп қоймай, басқа да көп жұмыстарды орындайды. Әсіресе оның рөлі дәрілік заттарды тиімді пайдалануда, салауатты өмір сүруге көмек және т.б. пайдалы қызметтерден көрінеді. Рецептурасыз дәрі-дәрмектердің де көбейіп келе жатқандығы, олардың адам ағзасында қандай әсері бар екендігін білу үшін, өз білімдерін көтеріп отыруға

фармацевтерді ынталандырады. Қысқаша айтқанда, клиникалық фармацияның дамуына көп көңіл бөлу керектігін көрсетеді [3]. Бұған дәлел болып, басқа дамыған елдердің дәрілік заттар айналымындағы субъектілердің жаңа функциялары табылады. Бұл елдерде фармацевтер мен провизорлар тек қана аптекалардан дәрілер мен медициналық бұйымдарды сатумен шектелмей, медициналық көмек көрсетумен айналысуында. Атап айтқанда: пациенттердің артериялық қысымын тексеру, қан құрамындағы глюкоза мен холестеринді зерттеу, тұмауға қарсы вакциналар жасау және т.б. Covid-19бен байланысты жұмыстар да оларға көптеп жүктеле басталды, яғни ПЦР-тест жасау, ауруларды емдеу процесін үйде немесе стационарда бақылау, Covid-ке қарсы вакциналар егу және т.б. Кейбір елдерде тіпті косметикалық көмектерді беруден де көрініп жүр. Мысалы, Швеция мен Канадада фармацевттер пациенттердің үйіне олардың емделу барысын қадағалау үшін барады. Ұлыбританияда аурухананың фармацевті дәрігермен бірге аурулардың емделуін қадағалау үшін аурухана палаталарына барады. Ұлыбритания, АҚШ, Франция фармацевтері дәрілік заттарға рецепт жазуға құқылы [4].

Қазақстан халқына аптека қызметкерлерінің көрсету қызметін стандарттау-тиісті аптекалық тәжірибе бойынша жүргізу фармацевтикалық қызметті жоғары деңгейде көрсету болып саналады, сондықтан Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылы 4-ші ақпанда қабылдаған №ҚРДСМ-15 «Тиісті тәжірибелік фармацевтиканы қалыптастыру» [5] - атты бұйрығы дер кезінде шықты деуге болады. Бұл

бұйрық Халықаралық фармацевтика федерациясының Нұсқауларына сай жасалған, сондықтан халықаралық стандарттарға сай аптекалық қызмет көрсетуге Қазақстанда мүмкіншіліктер бар екендігін де көрсетеді. Ең бастысы, бұрынғыдай аптекалардың тауар айналымына ғана қарай емес, пациенттерге қандай дәрілік (әсіресе, рецептурасыз) көмек көрсетілгендігіне басты назар аударылады. Зерттеулерге сүйенсек, фармацевтикалық көмек пациенттердің пайдаланатын дәрілер мөлшерін азайтады, олардың жанама теріс әдістерін бәсеңдетеді және пациенттердің фармацевтерге деген көзқарасын өзгертеді. Ал, осы мамандардың алатын жалақысына келсек, ол өте аз, өйткені статистикалық көрсеткіштер мынадай: 2023 жылы мына диапозонда – 81 000 теңгеден 162 301 теңгеге дейін. Салыстыра келсек, мысалы АҚШ-та жұмысты жаңа бастап жатқан фармацевт айына 4,5 мың АҚШ долларын алады. Ресей Федерациясында 15 мың рублден 65 мың рублге дейін, орташа - 40 мың рубль [6]. Ынталандыру, әсіресе материалды түрде фармацевтерге берілетін сыйақылар мыналардан тұрады: аптекалық тауар айналымының көрсеткіштері, аптекалық сұраныстағы тауарлардың сатылуы, персоналды басқару, жоспарды орындау және т.б. көрсеткіштерден.

Қазақстанда фармацевтердің айлығын, сыйақыларды қоса берумен, көтеруге болады. Өкінішке орай, сыйақылар туралы ережелер көп аптекаларда қабылданбаған. Сыйақықшалай түрде ынталандыруға арналған, жұмыстағы жетістіктеріне, нәтижесіне қарай берілетін төлем. Ол туралы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде былай деп айтылған:

«Жұмыс беруші жұмыскерлердің өндіріс тиімділігі мен орындалатын жұмыстардың сапасын жоғарылауға мүдделілігін арттыруды күшейту үшін ұжымдық шарт талаптарында және (немесе) жұмыс берушінің актілерінде айтылған сыйлықақы беру жүйелерін және еңбекті ынталандырудан басқа да нысандарын енгізе алады» (107 бап, 3-ші тармақ). Яғни, аптека қызметшілерін ынталандыру үшін жұмыс беруші өз еркімен, өзінің актісімен сыйақы бере алады (аптекаларда ұжымдық шарттар жасалмаған). Қазіргі таңда аптекалардың табысының өсуі, ондағы жұмыс жасап жатқан фармацевтер мен провизорлардың сатып отырған дәрілік заттарының тиімділігі туралы пациенттерге кеңес беруімен тікелей байланысты. Әсіресе, көп жағдайда «бірінші столдағы фармацевт» деген атаққа ие жұмыскердің маңызы өте зор, өйткені ол пациенттермен қарым-қатынасқа басқалардан бұрын түсіп, олардың денсаулығына, ауруына керекті дәрілік заттарды тез арада тауып, көмек көрсетеді. Ол үшін, бұл қызметкер аптекадағы бар тауарлар ассортиментін, олардың қандай ауларға керектігін жатқа білуі керек, яғни жоғары профессионалды, білікті фармацевт болуы қажет.

Антонова А.А. және т.б. авторлар бірнеше ресей аптекаларында социологиялық зерттеулер жасап, мынадай қорытындыға келді:

- фармацевтің жұмысы өте шиеленіс жұмыс түріне жатады, өйткені жұмыс барысында зиянды, денсаулыққа кері әсерін тигізетін, зерттеумен тікелей байланысты болады. Сондықтан, аптекадағы қызметшілердің денсаулығын сақтау, не қайта қалпына келтіру үшін алдын-ала түрлі

жұмыстарды жоспарлап, жүзеге асыру керектігін айтады [7].

Қазақстанда, дәріхана қызметшілерінің жұмысы зиянды жұмыстар тізіміне енеді, оларға қысқартылған жұмыс кестесі қолданылмайды, бірақ жылдық ақылы демалысқа 12 күнге дейін қосымша демалыс берілетіндігі нормативтік құқықтық актіде (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығы) [8] көрсетілген.

Қорытынды

Жоғарыда айтылған кейбір мәселелерді заңдастыру үшін 2020 жыл 7 маусымда №360-VI қабылданған Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексінің [1] 270-ші бабын фармацевтерге қосымша мына құқықтармен толықтыру қажет:

- өз мамандығының ар-намысын сақтау;
- квалификациясына, өз жұмысының күрделілігіне, сапасы мен көлеміне, ақырғы нәтижесіне қарай, ынталандыруына;
- өз өміріне және денсаулығына жұмыс барысында зиян келтірілсе, өндіріп алуына;
- пациенттердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру бойынша мамандандырылған жауапкершілікті сақтандыруына;
- еңбек заңдарына сәйкес, басқа жұмысты өз жұмысымен қатар атқаруға және т.б.

Мынадай міндеттерді, аталған Кодекстің 271 бабына қосымша жазу керек, яғни:

- халыққа дәрілік және

медициналық бұйымдар туралы дұрыс ақпарат беру;

- алдымен қымбат дәрілерді ұсынбай, арзан аналогтарын көрсетіп, түсіндіру, ақпарат беру;

- халыққа тарату мақсатында фармацевтикалық компаниялар, олардың өкілдерінен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың үлгісін алмау;

- фармацевтикалық компаниялармен халыққа белгілі дәрілер мен медициналық бұйымдарды сату мақсатында келісімдерге отырмау;

- фармацевтикалық компаниялардан ақшалай, заттай сыйлықтар, оның ішінде демалысқа барып-қайту үшін төлемдер алмау және т.б.

Аталған Кодексте фармацевтердің арнайы құқық статусы толығымен ашылмаған, көп олқылықтардан тұрады, сондықтан келешекте мына жеке заң жобасын: «Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің статусы» жазып, қабылдау қажет екендігін де айтамыз. Бүгінгі таңда, бұдан да басқа атқарылатын жұмыстарға көз жүгіртсек, олар мынадай:

- фармацевтердің жалақысын көбейту;

- аптекаларда сыйақылар және басқа ынталандырулар туралы ережелер қабылдап, бекіту;

- фармацевтердің жұмысын жақсартуға кәсіподақтарды жұмылдыру (олар көбінесе медицина қызметкерлерінің еңбегін қорғаумен айналысып жүр);

- бірнеше аптекалардың қызметкерлерін біріктіріп, ұжымдық шарттар қабылдау;

- зиянды еңбектері үшін аптекаларға қосымша төлемдерді белгілеу;

- Қазақстан деңгейінде жүйелі түрде фармацевтердің санын (білімімен қоса) есептеу, қанша маман жетіспейтіндігін анықтау;

- көрсетілген дамыған елдердің тәжірибесін зерттеп, біздің елге олардың тиімділігін қолданысқа енгізу (мысалы, гриппке қарсы вакцинация жасауды аптекадағы фармацевтерге жүктеу);

- фармацевтер мен провизорлардың еңбегінің зиянды, денсаулыққа кері әсер ететінін ескеріп, алдын ала денсаулықты сақтау бағдарламаларын дайындау;

- ресептісіз дәрілерді бастау туралы, осыған байланысты ақпарат беру әдістері бойынша қосымша білімдерін арттыру.

Осы көрсетілген және басқа да шаралар фармацевтер мен провизорлардың арнайы статусын көтеруге көп ықпал етуіне кәміл сенуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі. [Электронды ресурс] – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> (қаралған күні: 20.02.2023)

2. Мурат А. Долю отечественного производства на фармрынке доведут до 50%. [Электронды ресурс] – 2022. – URL: https://www.inform.kz/ru/dolyu-otechestvennogo-proizvodstva-na-farmrynke-dovedut-do-50-minzdrav_a3977780 (қаралған күні: 20.02.2023).

3. Эльяшевич Е.Г. Новые функции провизора на современном этапе // Вестник ВГМУ. - 2015. - Том 14. - №1.

4. В. Забалотских. В США аптечная сеть бесплатно выдает рецептурные препараты людям без медстраховки. [Электронды ресурс] – 2020. – / <https://pharmvestnik.ru/content/news/V-SShA-aptechnaya-set-s-besplatnymi-lekarstvami-vynujdena-narashivat-svoe-prisutstvie.html> (қаралған күні: 20.02.2023).

5. «Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 4 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы. [Электронды ресурс] – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022167> (қаралған күні: 20.02.2023)

6. Калинина А. Зарплата фармацевта в аптеке. / <https://visasam.ru/russia/rabotavrf/zarplata-farmacevta.html> (қаралған күні: 20.02.2023).

7. Антонова А.А., Яманова Г.А. Оценка условий труда фармацевтических работников // Международный научно-исследовательский журнал. 2022 - № 4 (118). С.29-31. DOI: <https://doi.org/10.23670/IRJ.2022.118.4.075>

8. «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығы [Электронды ресурс] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34309319&doc_id2=35299780 (қаралған күні: 20.02.2023)

Е.Н. Нурғалиева

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Некоторые проблемы правового регулирования труда фармацевтов

Аннотация. В статье раскрывается ряд проблем, связанных с трудовым статусом особых субъектов трудового права-фармацевтов. В Казахстане практически нет научных исследований, связанных с трудом этой категорий работников, поэтому особое внимание уделено их правам и обязанностям, должностным инструкциям, оплате труда и стимулирующим выплатам, устанавливаемым актами работодателя. В настоящее время в фармацевтических организациях фактически нет положений о премировании и других стимулирующих надбавках и доплатах; в коллективных договорах работников здравоохранения основной акцент делается только на условиях труда и заработных платах медицинских работников. Учитывая все возрастающий объем работы фармацевтов, связанный с консультированием пациентов о свойствах предлагаемых врачами лекарственных средств и медицинских изделий, безрецептурных товаров аптек, они непосредственно контактируют с лекарственными средствами, помогают провизорам изготавливать лекарственные

средства, в связи с чем работа фармацевтов является напряженной и вредной, что объективно требует выработки дополнительных мер защиты их жизни и здоровья. Предложены меры по дополнительному правовому регулированию прав и обязанностей фармацевтов с учетом современных реалий.

Ключевые слова: фармацевты, должностные инструкции, права и обязанности, дополнительные меры правовой защиты.

Y.N. Nurgalieva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Some problems with legal regulation of the work of pharmaceutical workers

Abstract. The article reveals a number of problems related to the labor status of special subjects of the labor law of pharmacists. In Kazakhstan, there are practically no scientific studies related to the labor of this category of workers, therefore, special attention is paid to their rights and obligations, job descriptions, remuneration, and incentive payments established by the employer's acts. Currently, in pharmaceutical organizations, there are actually no provisions for bonuses and other incentive allowances and additional payments; in the collective agreements of healthcare workers, the main focus is only on the working conditions and salaries of health workers. Given the ever-increasing volume of work of pharmacists associated with advising patients about the properties of medicines and medical devices offered by doctors, and over-the-counter pharmacy products, they are in direct contact with medicines, help pharmacists to manufacture medicines, and therefore the work of pharmacists is stressful and harmful, which objectively requires the development of additional measures to protect their lives and health. The author proposes measures for the additional legal regulation of the rights and obligations of pharmacists, considering modern realities.

Keywords: pharmacists, job descriptions, rights and obligations, additional legal protections.

References

1. «Halyk densaulygy zhane densaulyk saktau zhyjesi» turaly Kazakstan Respublikasynyn 2020 zhylgy 7 shildedegi № 360-VI KRZ Kodeksi. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> (Accessed: 20.02.2023).
2. Murat A. Dolyu otechestvennogo proizvodstva na farmrynke dovedut do 50%. [Electronic resource] - Available at: https://www.inform.kz/ru/dolyu-otechestvennogo-proizvodstva-na-farmrynke-dovedut-do-50-minzdrav_a3977780 (Accessed: 20.02.2023).
3. El'yashevich E.G. Novye funkicii provizora na sovremennom etape // Vestnik VGMU, 2015. - Tom 14. - №1.
4. V. Zabalotskih. V SSHA aptechnaya set' besplatno vydaet recepturnye preparaty lyudyam bez medstrahovki. [Electronic resource] - Available at: <https://pharmvestnik.ru/content/news/V-SShA-aptechnaya-set-s-besplatnymi-lekarstvami->

vynujdena-narashivat-svoe-prisutstvie.html (Accessed: 20.02.2023).

5. «Tiisti farmaceutikalyk praktikalarydy bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Densaulyk saktau ministrinin. 2021 zhylgy 4 akpandagy № ҚР DSM-15 byjrygy. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022167> (Accessed: 20.02.2023).

6. Kalinina A. Zarplata farmacevta v apteke. [Electronic resource] - Available at: <https://visasam.ru/russia/rabotavrf/zarplata-farmacevta.html> (Accessed: 20.02.2023).

7. Antonova A.A., Yamanova G.A. Ocenka uslovij truda farmacevticheskikh rabotnikov // Mezhdunarodnyj nauchno-issledovatel'skij zhurnal. 2022 - № 4 (118). S.29-31. DOI: <https://doi.org/10.23670/IRJ.2022.118.4.075>

8. «Auyr zhymystardyn, enbek zhagdajlary ziyandy zhane (nemese) kauipti zhymystardyn tizbesin, zhymys isteu zhymys uakytyryn kyskartylgan ызактыгына, zhyl sajnngy aky tolenetin kosymsha enbek demalysyna zhane enbekke aky toleudin zhogarylatylgan molsherine kykyk beretin ondiristerdin, cekhtardyn, kәsipter men lauazymdardyn tizimin, sondaj-ak olardy беру kagidalaryn bekitu turaly» Қазакстан Respublikasy Densaulyk saktau zhane aleumettik damu ministrinin 2015 zhylgy 28 zheltoksandagy № 1053 byjrygy [Electronic resource] - Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34309319&doc_id2=35299780 (Accessed: 20.02.2023).

Автор жәніндегі мәліметтер:

Нұрғалиева Е.Н. - з.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті азаматтық, еңбек және экологиялық құқық кафедрасының профессоры, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Nurgaliyeva Y.N. - Doctor of law, professor of Civil, Labor, and Environment Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Astana, Kazakhstan.